# БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 1,2 аралық бақылауға арналған тест сұрақтары;

**ББББ атауы:** 6В10104 «Мейіргер ісі»(10 айлық жеделдетілген)
**Пәннің коды:** MBBPTP 4225
**Пәннің атауы:** «Мейіргерлік білім берудегі педагогика теориялары мен принцптері»
**Оқу сағаттарының/кредиттер:** 120 (4 кредит)
**Оқукурсы пен семестрі:** 1 курс, 1 семестр

Шымкент, 2025ж

**Құрастырған:** кафедра ассистенті Сайтмуратов Х.А.

**Кафедра меңгерушісі:**м.ғ.к,.доцент Сейдахметова А.А.

Хаттама № 11 от «26 » 06 2025ж.

**Аралық бақылау – 1**
**1-нұсқа**

1.Педагогиканың негізгі объектісі:
a) Қоршаған орта
b) Білім беру процесі
c) Дәрі-дәрмектер
d) Аурухана жабдықтары
2.Пациенттерді оқытуда қолданылатын негізгі педагогикалық принцип:
a) Қолжетімділік принципі
b) Күш принципі
c) Бағыну принципі
d) Сын принципі
3.Пациенттерді оқытудағы ең маңызды педагогикалық функция:
a) Бақылау функциясы
b) Тәрбие беру функциясы
c) Білім беру функциясы
d) Жазалау функциясы
4.Медициналық дағдыларды тәжірибелік меңгеру үшін ең тиімді оқыту әдісі:
a) Дәріс (лекция)
b) Көрсету (демонстрация)
c) Кітап оқу
d) Тестілеу
5.Пациентті оқытудағы сұхбат (әңгімелесу) әдісі нені қамтиды?
a) Тек ақпарат беру
b) Біржақты процесс
c) Өзара білім мен сұрақтар алмасу
d) Оқуға мәжбүрлеу
6.Мейіргер пациентке белгілі бір әрекеттерді (мысалы, инсулин инъекциясын) қалай орындау керектігін көрсететін оқыту әдісі қалай аталады?
a) Дәріс (лекция)
b) Көрнекі (наглядный) әдіс
c) Өзін-өзі оқыту
d) Сауалнама жүргізу
7.Қарт пациенттерді оқыту кезінде нені ескеру маңызды?
a) Олардың өмірлік тәжірибесі мен когнитивтік функцияларының төмендеуі
b) Ақпаратты тез есте сақтауы
c) Оқуға деген қызығушылығының толық болмауы
d) Оқуға қажеттіліктің болмауы
8.Пациенттермен жұмыс істеуге ең қолайлы қарым-қатынас стилі қандай?
a) Авторитарлық
b) Демократиялық
c) Елемейтін (игнорирующий)
d) Агрессивті
9.Пациентпен сенімді қарым-қатынас орнату үшін ең маңызды эмоция қандай?
a) Ашулану
b) Эмпатия
c) Тітіркену
d) Немқұрайлылық

10.Педагогиканың объектісі не болып табылады?
a) Білім беру технологиялары
b) Тәрбие мен оқыту процесі
c) Білім беру саласындағы заңнамалық актілер
d) Психикалық процестер
11.Педагогика дегеніміз не?
a) Тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту туралы ғылым
b) Білім беру технологияларын зерттейтін психология саласы
c) Оқу процесінің теориясы
d) Мұғалімдерді даярлау әдістемесі
12.Қай ғалым педагогиканың дамуына елеулі үлес қосты?
a) И. Кант
b) Ж.-Ж. Руссо
c) Я. А. Коменский
d) Жоғарыда аталғандардың барлығы
13.Педагогиканың қай әдісі теориялық әдістерге жатады?
a) Эксперимент
b) Бақылау
c) Талдау (анализ) және жинақтау (синтез)
d) Әңгімелесу
14.Педагогикадағы негізгі эмпирикалық зерттеу әдісі:
a) Құжаттарды талдау
b) Педагогикалық эксперимент
c) Теориялық модельдеу
d) Гипотеза қалыптастыру
15.Білім беру процесін нақты жағдайда зерттеуге мүмкіндік беретін әдіс:
a) Эксперимент
b) Сауалнама (анкетирование)
c) Теориялық қорыту
d) Контент-талдау
16.Я. А. Коменскийдің педагогикадағы негізгі еңбегі:
a) «Ұлы дидактика»
b) «Эмиль немесе Тәрбие туралы»
c) «Педагогикалық поэма»
d) «Республика»
17.Дамыта оқыту идеясын алғаш кім ұсынды?
a) Л. В. Занков
b) Ж.-Ж. Руссо
c) А. С. Макаренко
d) К. Д. Ушинский
18.Қай тұжырым дұрыс?
a) Педагогика ғылым ретінде XX ғасырда пайда болды
b) Я. А. Коменский оқытудың негізгі қағидаларын жүйеледі
c) В. А. Сухомлинский формалды білім беру тұжырымдамасын жасады
d) Психология мен педагогика бір нәрсе
19.Тәрбиенің негізгі мақсаты:
a) Емтиханға дайындық
b) Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру
c) Ақпарат беру
d) Еңбек дағдыларын үйрету
20.«Жеңілден күрделіге» қағидасы қай оқыту принципіне сәйкес келеді?
a) Қолжетімділік принципі

b) Көрнекілік принципі
c) Жүйелілік және бірізділік принципі
d) Белсенділік және саналық принципі
21. Білімді, іскерлікті және дағдыларды педагогтан оқушыға беру процесі қалай аталады?
a) Оқыту
b) Тәрбие
c) Даму
d) Әлеуметтену
22. Алдыңғы алған білімге сүйенудің қажеттілігін көрсететін дидактика қағидасы қандай?
a) Көрнекілік
b) Қолжетімділік
c) Теория мен практиканың байланысы
d) Жүйелілік және бірізділік
23. Мейіргерлерді оқытудағы көрнекілік қағидасы нені білдіреді?
a) Тек ауызша түсіндіруді қолдану
b) Схемалар, муляждар, көрнекі материалдарды пайдалану
c) Практикалық сабақтардан бас тарту
d) Тек әдебиеттерді өз бетінше оқу
24. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруді талап ететін дидактикалық қағида қандай?
a) Қолжетімділік қағидасы
b) Көрнекілік қағидасы
c) Саналылық және белсенділік қағидасы
d) Ғылымилық қағидасы
25. Мейіргерлерге арналған симуляциялық тренингтерді өткізуде қай оқыту қағидасы іске асырылады?
a) Көрнекілік қағидасы
b) Қолжетімділік қағидасы
c) Ғылымилық қағидасы
d) Білімнің беріктігі қағидасы
26. Егер оқытушы материалды бекіту үшін негізгі сәттерді үнемі қайталаса, ол қай қағиданы ұстанады?
a) Жүйелілік және бірізділік
b) Білімнің беріктігі
c) Қолжетімділік
d) Теория мен практиканың байланысы
27. Неліктен теория мен практиканың байланысы қағидасы мейіргер ісінде маңызды?
a) Студенттердің материалды жақсы есте сақтауына көмектеседі
b) Білімді нақты жағдайда қолдануға мүмкіндік береді
c) Теориялық оқытуды қажетсіз етеді
d) Оқытуды жеңілдетеді
28. Мейіргердің педагогикалық қызметіне не кіреді?
a) Тек дәрігер тағайындауларын бақылау
b) Пациенттерді оқыту, тәлімгерлік, санитарлық-ағартушылық жұмыс
c) Медициналық процедураларды жүргізу
d) Тек медициналық құжаттарды жүргізу
29. Пациенттерді оқытудағы негізгі қағида қандай?
a) Күрделі медициналық терминологияны пайдалану
b) Әр пациентке жеке көзқарас
c) Міндетті оқыту
d) Бір реттік түсіндіру, қайталамай
30. Мейіргердің санитарлық-ағартушылық жұмысы дегеніміз не?
a) Пациенттер мен олардың туыстарына алдын алу және күтім мәселелері бойынша білім беру

b) Медициналық манипуляциялар жүргізу
c) Аурулар статистикасын жүргізу
d) Дәрілік ем тағайындау
31. Мейіргер көбінесе қандай оқыту әдістерін қолданады?
a) Дәріс, әңгімелесу, демонстрация
b) Тек өз бетінше оқу
c) Ойын әдістері
d) Емтихан тесттері
32. Пациенттерді оқытудағы көрнекілік қағидасы нені білдіреді?
a) Модельдерді, схемаларды, демонстрацияны қолдану
b) Көрнекі материалсыз дәрістер өткізу
c) Пациенттерді дәрігерге жазу
d) Ақпаратты тек жазбаша түрде беру
33. Мейіргердің пациенттерді оқытудағы негізгі мақсаты қандай?
a) Пациенттерге тек теориялық білім беру
b) Пациенттің өзіне күтім жасау деңгейін арттыру
c) Медициналық персоналдың жұмысын жеңілдету
d) Дәрігерге жүгіну санын азайту
34. Созылмалы аурулары бар пациенттерді оқытуда қандай әдістер тиімдірек?
a) Сауалнама, демонстрация, өз бетінше орындау
b) Тек медициналық әдебиеттерді оқу
c) Күрделі ғылыми терминдерді қолдану
d) Кері байланыссыз дәрістер
35. Пациенттерді оқыту тиімділігін төмендететін факторлар қандай?
a) Жеке көзқарас
b) Күрделі медициналық терминологияны шамадан тыс қолдану
c) Қолжетімді түсіндіру
d) Иллюстрациялар мен бейнематериалдарды пайдалану
36. Пациентті оқытудың тиімділігін қалай бағалау керек?
a) Тек өткізілген сабақтардың саны бойынша
b) Білімін практикада қолдана алуына қарай
c) Медициналық құжаттардың саны бойынша
d) Пациенттің сұрақтарды қаншалықты жылдам қоюына байланысты
37. Пациенттің оқытылғанын қандай құжат растай алады?
a) Ауру тарихы, пациент картасы
b) Пациенттің ауызша растауы
c) Еңбек шарты
d) Мүгедектік туралы анықтама
38. Мейіргер ісін оқытудың негізгі мақсаты қандай?
a) Медициналық жабдықтармен жұмыс істеуді үйрету
b) Сапалы мейіргерлік көмек көрсете алатын мамандар даярлау
c) Дәрігерлердің біліктілігін арттыру
d) Поликлиникадағы жұмысты ұйымдастыру
39. Мейіргер ісін оқытудағы ең маңызды қағида қандай?
a) Практикалық дағдыларсыз тек теориялық дайындық
b) Симуляциялық оқыту мен практикалық дайындықты қолдану
c) Тек медициналық теорияларды оқу
d) Басшылық қызметке дайындық
40. Практикалық дағдыларды бекіту үшін қандай оқыту әдісі қолданылады?
a) Дәрістік оқыту формасы
b) Симуляциялық оқыту және клиникалық жағдайда практика
c) Материалдарды өз бетінше оқу

d) Медициналық әдебиеттерді оқу
41. Пациент гипотензивті препарат қабылдағаннан кейін бас айналуға шағымданды. Мейіргер қалай әрекет етуі керек?
a) Пациентке дәрінің тағы бір дозасын қабылдауды ұсыну
b) Дереу дәрігер шақырып, пациенттің жағдайын бақылау
c) Шағымдарды елемеу, себебі бұл қалыпты реакция
d) Пациентке тәтті шай ішуге кеңес беру
42. Студент бұлшықет ішіне инъекция жасауда қиындыққа тап болды. Мәселені қалай шешу керек?
a) Оқытуды тоқтатып, басқа мамандықты таңдау
b) Оқытушының жетекшілігімен симуляторларда қосымша машықтану
c) Бұл процедураны әрдайым әріптесінен сұрап орындауын өтіну
d) Теориялық материалды оқып, тәжірибелік жаттығулар жасамау
43. Педагогикалық қызметтің негізгі компоненті қандай?
a) Басқарушылық
b) Коммуникативтік
c) Тәрбиелік
d) Барлығы аталған
44. Педагогикалық қызмет дегеніміз не?
a) Мұғалімнен оқушыға ақпарат беру процесі
b) Жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған мақсатты процесс
c) Білім беру мекемелерін басқарумен байланысты жұмыс
d) Дәрістер мен семинарлар өткізу
45. Педагог қандай негізгі функцияларды орындайды?
a) Ұйымдастырушылық, басқарушылық, тәрбиелік
b) Білім беру, тәрбиелеу, дамыту
c) Бақылау, оқыту, әлеуметтік
d) Әдістемелік, әкімшілік, техникалық
46. Оқытушы үшін кәсіби маңызды қасиеттер қандай?
a) Эмоционалдық тұрақтылық
b) Коммуникативтік қабілеттер
c) Педагогикалық такт
d) Барлығы аталған
47. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі нені қамтиды?
a) Пәнді және оны оқыту әдістемесін білу
b) Оқыту мен тәрбиелеу технологияларын меңгеру
c) Өзін-өзі талдау және өзін-өзі дамыту қабілеті
d) Барлығы аталған
48. Педагогикалық қызметтің негізгі нысаны не болып табылады?
a) Оқу материалы
b) Білім беру ортасы
c) Оқушының жеке тұлғасы
d) Оқытушылар ұжымы
49. Педагогикалық қызметке не жатпайды?
a) Оқыту және тәрбиелеу
b) Оқу бағдарламаларын әзірлеу
c) Әкімшілік жұмыс
d) Оқытушының жеке білім алу қызметі
50. Педагогикалық қызметтің қай компоненті оқытушы мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді?
a) Жобалау
b) Ұйымдастырушылық

c) Коммуникативтік
d) Бақылау

**Аралық бақылау 2**
**1- нұсқа**
1. Педагогика ғылымының зерттеу нысаны:
A) Биология
B) Экономика
C) Тәрбие, оқыту, білім беру процесі
D) Саясат
2. Мейіргерлік педагогиканың басты мақсаты:
A) Экономикалық білім беру
B) Тек медициналық көмек көрсету
C) Мейіргерлерді кәсіби, адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу
D) Саяси білім беру
3. «Педагогика» сөзі қай тілден шыққан?
A) Латын
B) Грек
C) Орыс
D) Араб
4. Педагогикалық процестің негізгі компоненттері:
A) Жоспар, қаржы, нәтиже
B) Әдіс, құрал, материал
C) Мақсат, мазмұн, әдіс, құрал, нәтиже
D) Жағдай, сұрақ, жауап
5. Мейіргерлік педагогикада қолданылатын әдіс:
A) Химиялық реакция
B) Түсіндіру, әңгіме, көрсету
C) Құрал-жабдық жасау
D) Экономикалық есеп
6. Оқыту процесінің негізгі функциялары:
A) Жаттығу, ойын, демалыс
B) Білім беру, тәрбиелеу, дамыту
C) Жоспарлау, есеп жүргізу
D) Қадағалау, басқару
7. Тұлға қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар:
A) Күн райы
B) Тәрбие, орта, тұқым қуалаушылық
C) Ақша
D) Мода
8. Андрагогика нені зерттейді?
A) Жасөспірімдер тәрбиесі
B) Балалар психологиясы
C) Ересектерді оқыту
D) Бастауыш білім
9. «Дидактика» терминін енгізген ғалым:

A) Аристотель
B) Сократ
C) Вольфганг Ратке
D) Әл-Фараби
10. Дидактиканың негізгі категориялары:
A) Тәрбие, демалыс, ойын
B) Білім беру, оқыту, оқыту принциптері
C) Жағдай, құрал, материал
D) Көрнекілік, әдіс, қарым-қатынас
11. Мейіргердің педагогикалық қызметінің басты ерекшелігі:
A) Қаржы есептеу
B) Науқастарды оқыту, сауықтыруға бағыттау
C) Жоспар құру
D) Тек дәрігерге көмек беру
12. «Тәрбие» ұғымының мәні:
A) Дене шынықтыру
B) Өнер үйрету
C) Жеке тұлғаны қалыптастыру процесі
D) Ойын ұйымдастыру
13. Оқыту процесінің қозғаушы күші:
A) Жоспар
B) Қайшылықтар
C) Демалыс
D) Әңгіме
14. Көрнекілік принципінің мәні:
A) Білімді тәжірибе арқылы меңгерту
B) Тек ережелер жаттау
C) Ән айту
D) Есеп шығару
15. Тәрбиелік мақсат:
A) Бай болуға үйрету
B) Адамгершілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу
C) Спорттық дайындық
D) Ән айтуға үйрету
16. Оқыту әдісі – бұл:
A) Ережелер тізімі
B) Бірлескен іс-әрекет тәсілі
C) Құралдар жиынтығы
D) Тек мұғалімнің сөзі
17. Педагогикалық процестің нәтижесі:
A) Ақша табу
B) Тұлғаның жан-жақты дамуы
C) Құрал-жабдықтар
D) Дәрі-дәрмек
18. Педагогика ғылымының қызметтері:
A) Құрылыс, өндіріс, сауда
B) Теориялық, практикалық, прогностикалық
C) Математика, химия, физика

D) Спорт, өнер, демалыс
19. Интерактивті оқыту ерекшелігі:
A) Тек тыңдау
B) Оқушының белсенді әрекетіне сүйену
C) Мұғалімнің монологы
D) Үнсіз бақылау
20. Мейіргердің пациентке педагогикалық әсері:
A) Ақша табуды үйрету
B) Денсаулықты нығайту
C) Саясатқа араласу
D) Компьютер қолдану
21. Оқытудың басты заңдылығы:
A) Жаңа құралдар енгізу
B) Мақсат пен әдістің сәйкестігі
C) Тек тәжірибеге сүйену
D) Қаржы бөлінуі
22. Мейіргерлік педагогикадағы негізгі принциптердің бірі:
A) Ғылымилық принципі
B) Эстетикалық принцип
C) Тек қадағалау
D) Ойын элементі
23. «Жеке тұлға» дегеніміз:
A) Қоғамда қалыптасқан әлеуметтік қасиеттері бар адам
B) Тек бала
C) Кәсіпкер
D) Көшбасшы
24. «Дамыта оқыту» ерекшелігі:
A) Тек жаттау
B) Оқушының ойлау қабілетін жетілдіру
C) Жазалау арқылы үйрету
D) Тек мұғалім сөзі
25. Мейіргерлік педагогика қай ғылымдармен тығыз байланысты?
A) География, өнер
B) Психология, медицина, социология
C) Экономика, математика
D) Тарих, саясат

**2-нұсқа**
1. Мейіргердің білім берудегі рөлі:
A) Тек дәрігерге көмекші болу
B) Пациенттің өзін-өзі күту дағдысын қалыптастыру
C) Тек дәрі-дәрмек беру
D) Құжат жүргізу
2. Оқытудағы «жүйелілік және бірізділік» принципі:
A) Материалды ретсіз беру
B) Материалды жеңілден күрделіге қарай беру
C) Оқушыны еркін қалдыру

D) Әркімнің қалауы бойынша оқу
3. «Өзін-өзі тәрбиелеу» дегеніміз:
A) Дене шынықтырумен айналысу
B) Адамның өз мінез-құлқын саналы жетілдіруі
C) Мұғалімнің бақылауы
D) Достардың ықпалы
4. Мейіргерлік педагогика қай ғылыммен тығыз байланысты емес?
A) Психология
B) Социология
C) Медицина
D) Геодезия
5. Тәрбие әдістеріне жатпайды:
A) Сендіру
B) Жаттықтыру
C) Жазалау
D) Есептеу
6. Педагогикалық қарым-қатынас мақсаты:
A) Тек бақылау
B) Өзара түсіністік пен ықпалдастық орнату
C) Ақша табу
D) Жазалау
7. Мейіргерлік педагогикадағы гуманизация принципі:
A) Адамға құрметпен қарау
B) Ережелерді қатаң сақтау
C) Дәрілерді қолдану
D) Тек қадағалау
8. Педагогикалық технология – бұл:
A) Компьютерлік құралдар
B) Оқыту мен тәрбиелеудің жүйелі әдіс-тәсілдері
C) Тек кестелер
D) Қаржылық жоспар
9. «Құзыреттілік» ұғымы:
A) Білімді тәжірибеде қолдана білу қабілеті
B) Ақпарат жинақтау
C) Сұрақ қою
D) Ойын ойнау
10. Салауатты өмір салтын қалыптастыру тәсілдері:
A) Түсіндіру, әдет қалыптастыру
B) Тек жазалау
C) Есеп шығару
D) Ойын ұйымдастыру
11. Педагогикалық процестің қозғаушы күші:
A) Қайшылықтар мен қажеттіліктер
B) Жоспарлар
C) Қаржы
D) Ережелер
12. Пациентке педагогикалық қолдау көрсету мақсаты:
A) Саясатқа араласу

B) Аурудың алдын алу, өзін-өзі басқаруға үйрету
C) Экономикалық білім беру
D) Өнерге баулу
13. Мейіргерлік педагогикадағы басты құндылық:
A) Тәртіп
B) Адам денсаулығы
C) Тек уақыт
D) Қаржы
14. Педагогикалық процестің бірлігі:
A) Оқыту, тәрбие, даму
B) Бақылау, жоспарлау, бағалау
C) Құрал, нәтиже, әдіс
D) Жаттығу, ойын, демалыс
15. Жеке бағытталған оқыту ерекшелігі:
A) Әр студенттің қабілетіне қарай бейімдеу
B) Барлығына бірдей талап
C) Тек мұғалім сөзі
D) Тәртіпті бақылау
16. Мейіргердің коммуникативтік қабілеті қамтиды:
A) Тыңдау, түсіндіру, сендіру
B) Тек бұйыру
C) Тек жазу
D) Ақша жинау
17. Әлеуметтік орта тұлға дамуына әсері:
A) Құндылықтар мен мінез-құлық қалыптастыру
B) Ақша табу
C) Дәрігер болу
D) Спортпен шұғылдану
18. Тәрбиенің негізгі бағыттарына кірмейді:
A) Ақыл-ой тәрбиесі
B) Дене тәрбиесі
C) Экономикалық тәрбие
D) Адамгершілік тәрбиесі
19. Мейіргерлік педагогикадағы білім берудің ерекшелігі:
A) Теорияны практикамен ұштастыру
B) Тек лекция оқу
C) Жазалау арқылы үйрету
D) Ойын ұйымдастыру
20. Педагогикалық этика – бұл:
A) Мұғалімнің кәсіби мінез-құлық ережелері
B) Тек жазалау тәсілдері
C) Жоспар кестесі
D) Қаржылық бақылау
21. Педагогикалық процесте бақылау әдістері:
A) Тестілеу, әңгімелесу, анкета
B) Жазалау, бұйыру
C) Ойын, жаттығу
D) Тек сұрау

22. Оқыту принципіне жатпайды:
A) Ғылымилық
B) Көрнекілік
C) Жүйелілік
D) Саясилық
23. Оқытудағы тәрбиелік функция:
A) Тұлғаның моральдық қасиеттерін қалыптастыру
B) Қаржы жинау
C) Спорттық жетістіктер
D) Демалыс ұйымдастыру
24. Мейіргердің науқастарға педагогикалық ықпалының нәтижесі:
A) Салауатты өмір салтын ұстану
B) Экономикалық сауаттылық
C) Құқықтық тәрбие
D) Өнерге қызығушылық
25. Педагогикалық процестің негізгі мақсаты:
A) Ақша табу
B) Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту
C) Дәрі жасау
D) Құрал-жабдық дайындау